

Хабарландыру/Оферта

Көкшетау қ.

2026 жылғы «28» тамыз

«KOKSHE» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – ӘКК), мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков к-сі, 32, пошта индексі 020000, e-mail: info@spk-esil.kz, байланыс телефоны 87162 91-16-40, мүлікті тікелей сату арқылы өткізу бойынша конкурс жариялайды:

1. Екі бөлмелі пәтер, кадастрлық нөмірі 21:335:104:1429:3:2, ауданы 51,4 шаршы м, мекенжайы: Астана қ., Нұра ауданы, Е181 к-сі, 1/1-үй, 2-пәтер, 1-қабат.
2. Екі бөлмелі пәтер, кадастрлық нөмірі 21:335:104:1429:3:129, ауданы 53,3 шаршы м, мекенжайы: Астана қ., Нұра ауданы, Е181 к-сі, 1/1-үй, 129-пәтер, 12-қабат.

1-қосымша. Объектінің қысқаша сипаттамасы

2-қосымша. Активтерді тікелей сату арқылы өткізу шарттары

- 1. Құжаттама пакетін әлеуетті қатысушылар 2026 жылғы «07» қыркүйек сағат 14:00-ге дейін мына мекенжай бойынша ұсынады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков к-сі, 32, байланыс телефоны 87162 91-16-40, 2-қабат, 206-каб., сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, хабарландыру орналастырылған сәттен бастап жұмыс күндері.**

2. Әлеуетті қатысушы талаптарға сай болуы және растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.
3. Қатысуға қойылатын талаптар бойынша құжаттама әлеуетті қатысушылармен осы хабарландырудың/оферта 1-тармағында көрсетілген мекенжайға ұсынылады (жіберіледі).

3.1. Конкурстық комиссияның шешімі бойынша бастапқы жарна мөлшері бағалау құнының кемінде 20%-ын құрайды және сатып алу-сату шартын жасасқанға дейін ӘКК реквизиттеріне енгізіледі. Актив құнының қалған сомасы 100 (жүз) айға дейінгі мерзімге бөліп төлеу арқылы төленуі мүмкін.

3.2. Әлеуетті қатысушы өтінімді конвертке салып мөрлейді, конверттің сыртқы бетінде әлеуетті қатысушының толық атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуі тиіс (әлеуетті қатысушы толтырады):

– «МҮЛІКТІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ» (объектінің мекенжайын көрсете отырып).

Әлеуетті қатысушының бір объект бойынша бірден артық өтінім беруіне, сондай-ақ ұсынылған өтінімді кері қайтарып алуына не оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

4. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2026 жылғы «07» қыркүйекте сағат 16:00-де мына мекенжай бойынша ашылады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков к-сі, 32, байланыс телефоны 87162 91-16-40.